	есімдерін. сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту **сөйлеуді дамыту** Аружанның достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау	дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту **сөйлеуді дамыту,Қоршаған ортамен таныстыру,математика негіздері**	сөйлеуін қалыптастыру. **сөйлеуді дамыту** Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып құану сезіміне бөленуіне жағдай жасау **көркем әдебиет** Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту **математика негіздері**	қуыршаққа не болғаны туралы сұрап,ойларын дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету. **сөйлеуді дамыту** Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын , тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау **Сурет салу,Мүсіндеу,Жапсыру**	балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. **сөйлеуді дамыту** Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру **көркем әдебиет**

	арқылы жеке қарандашты , ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру **Сурет салу Мүсіндеу**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**				
Серуен	Жәндіктерді бақылау Мақсаты: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін	Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны ,	Ағаштарды бақылау Мақсаты: Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштрды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер	Күннің көзін бақылау. Мақсаты:Балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, аспанда жарқырап тұрған не? - Ол неге ұқсайды? - Күннің көзі болмаса	Құмырсқаны бақылау Мақсаты: Балалардың жәндіктер туралы білімдерін молайту. Құмырсқаның еңбекқорлығы, бірлігі туралы айта отырып еңбексүйгіштікке, бірлікке тәрбиелеу.

	молайту. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп-ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн	саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. «Кім бірінші» қимылды ойыны Мақсаты: ойын ережесіне сай жарысу арқылы, жеңімпаз болуға асығу қабілеттерін арттыру. *(Қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру)*	еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Орманшы менің нағашым, Лайлатпайды тұнығын, Омырауында үлкен дүрбісі. Ауырлатпайды ауасын. Аралап орман арасын, Көрсең де қашан, қай түні, Түспейді аттан бұл кісі. Айтатын сөзі әйгілі: Шырылдатып шыбығын, -Қалың ну-халық саулығы! Аңыратпайды	біз өмір сүре аламыз ба? - Күннің бізге қандай пайдасы бар? Өлең шумағы: Күн шыққанда: Алақай, алақай! Күн шықты күн шықты! Жер үстінде нұр шықты! *(Қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру)*	Бақылау барысы Жұмбақ: Бәрі бірдей жұмысқа, Шығатын не ? - Құмырсқа. Көркем сөз «Құмырсқалар» М. Әлімбаев Құмырсқаның илеуі- Илеуіне жұмылып, Құмырсқаның үйлері. Инелікті сүйрейді. Бір тілек, бір ниетте, Құмырсқалар тамағын, Барлық тұрғын үйдегі, Еңбекпенен табады. Елгезектер бұйығып, Өзін қорғай алады, Ерінуді білмейді.

	суыта бастаған кезде жер астындағы үйлеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз үйлерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады. Балаларға тапсырма: «Құмырсқалар илеуі» тақырыбына бормен сурет салу. Қимылды ойын : «Аққу - қаздар» Мақсаты: белгі берісімен тез жүгіруге жаттықтыру. Жаттығу		ағашын. Көк орман-Отан байлығы! Дидактикалық ойын: «Қай ағаш екенін тап» Мақсаты: тәрбиешінің берген нұсқауымен аталған ағашта табу. Қимылды ойын: «Кім ағашқа бұрын жетеді». Мақсаты: Берілген белгі бойынша тез жүкіруге жаттықтыру, мақсатқа жетуге деген ынталарын арттыру. *(Қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру)*		Шамшандырсаң, шағады! Балаларға сұрақтар Құмырсқалар өте еңбексүйгіш. Олар өздерінің қыстық азығын жаз бойы тынбай дайындайды. Бұл істе олар өте ұйымшылдықпен жұмыс істейді. Құмырсқаның бірлігі мен еңбексүйгіштігін адамдар үлгі тұтып, ертегі, аңыздарға, жыр, мысалдарға қосқан. Оларды өлтіруге, илеулерін бұзуға тыйым салған. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты:

	ойындары: допты жерге лақтырып,әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. *(Қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру)*				Байкампаздыкка, жылдамдыкка баулу*(Қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру)*
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				

Біртіндеп ұйқыдануыту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптаркарау және тағы басқа	Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңбер бойлап	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға	Ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. **көркем әдебиет** Қонағымызды	Тапсырмалары бар кораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында

әрекеттер)	айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру. **математика негіздері** Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру **Құрастыру** Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау,тақтайшаға жапсыру. **Жапсыру**	сурет салу, түзды қамырды пайдаланып мүсін жасау. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерді тізбектеп жапсыру. **Сурет салу,Мүсіндеу ,Жапсыру**	қоралады жасауды үйрету **Құрастыру** Мерекелік әсем шарлар деп суретін салу, мүсінін ермексаздан жасауды жетілдіру **,Сурет салу,Мүсіндеу**	топтағы қуыршақтармен салыстырып көрейікші. Ол зат қандай сұрағына жауап беруін қалыптастыру. **математика негіздері**	тапсырмаларды орындату **математика негіздері** Қандай суретті бояймыздеп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. **Сурет салу,Мүсіндеу,Жапсыру**

Балалармен жеке жұмыс	Мақал үйрету	Жұмбақ үйрету	Тілдік жаттығулар	Сурет салу	Тақпақ үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Төлемақыны уақытымен төлеуді ескерту.	Баланың дамуына ойыншықтардың тигізетін әсері. Қазіргі ойыншықтардың теріс әсері»	Балалармен үйде сөйлесу керектігін ескерту.	Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту.	Баллардың тазалығы жайлы әңгімелесу

Бекітемін
«Симферополь ауылының
ЖОББ мектебінің»
директоры Искаков Б.М. _____

«Аяжан» шағын орталығы

Циклограмма

«Балдырған» ересек тобы

2024 – 2025 оқу жылы

1.

Бекітемін
«Аяжан» шағын орталығы:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 30.09.2024	Сейсенбі 01.10.2024	Сәрсенбі 02.10.2024	Бейсенбі 03.10.2024	Жұма 04.10.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта жаңа ойыншықтар жәрмеңкесі ашылғанын хабарлап бұрын көрмеген ойыншықтармен еркін ойнауына жағдай жасап көңіл күйін көтеру. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балаларды ауа-райына байланысты киім кию қажеттілігі туралы әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) құрышақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар. Өнер орталығында сурет салу, бояу, суретті кітапшаларды бояу, қарау. **Балалармен жеке жұмыс.**				
	«Ойын алаңы» Міндеттері: Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) құрышақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар. Құрастырмалы	«Ойын мен ойын» Міндеттері: жаттығулары арқылы сездік қорын кенейту. Екі бала арасында доппен ойын. Доппы бір біріне берер кезде бір бала жемістерді, ал екіншісі көкөністерді атайды. Барлық баланың ойын ойнауын қамтамасыз ету. **(Сөйлеуді дамыту)**	«Геометриялық фигуралар» Міндеттері: Пішіндерді тану (дөңгелек, үш бұрыш, шаршы) және атау. Жемістермен көкөністерқандай пішінге сәйкес келеді. Қорточкалармен жұмыс. **(Математика негіздері)**	«Ойын алаңы» Міндеттері: Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша және ойдан құрастыру дағдыларын жетілдіру. **(Құрастыру)**	«Жеміс пен көкөніс» Міндеттері: Балаларға топтағы жеміс пен көкөніс макет ойыншығымен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде

	ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Сөрелерге ойыншықтарды жинау.				қолдану. Апта бойы жаттаған тақпақ пен тіл ұстарту жаттығуын қайталап айтқызу. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша сурет салу немесе ермексазбен еркін шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)**
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер. Сендерді осындай әдемі, мейірімді, жақсы көңіл-күймен көргеніме өте қуаныштымын! Бұл күнді біз бірге өткіземіз. Бүгінгі күн сендерге қуаныш пен көптеген жаңа қызықты әсерлер әкелсін. Бір-бірімізді қуантайық! деп «Өз көңіл-күйіңді туралы айт» жаттығу жасату Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау **(сөйлеуді дамыту)** Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату.				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша	**Қазақ тілі** «Отбасы»: Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, әпке,	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар:	**Музыка**	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:

2.

ұйымдастырылған іс-әрекеттер	мен, сен, ол. Қазақ тілінде сөйлеу, сөздік қорына сөздер қосу. Міндеттері: Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.	*Жүру.* Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Жүгіру.* Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Қимылды ойын: Қоян мен қасқыр		*Жүру.* Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Жүгіру.* Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) *Еңбектеу, өрмелеу.* Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Қимылды ойын: Тырналар-тырналар Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру	*Жүру.* Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Жүгіру.* Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. *Еңбектеу, өрмелеу.* Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Қимылды ойын: Тышқандар мен мысық.
	«Жеміс пен көкөніс» Мақсаты:Балаларға келген хаты көрсету. Ашып хатта суреттерді алып көрсету. Міндеттері: Бұл қандай жеміс немесе көкөніс танисыңдар ма?деп сұрау Әр балаға бір сурет алып атауға беру. Ол атауларда дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айтқызу арқылы дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту **Қауын**	«Жеміс пен көкөніс» Мақсаты:Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарға бөлініп дербес шығармашылық әрекеттер жасау. Міндеттері: Ыдыстарға жемістер мен көкөністерді салу. Балалардың қалауы бойынша **(Сурет салу)** Ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеу. **(Мүсіндеу)**	«Жеміс пен көкөніс бағы» Мақсаты: қалауларына бойынша жеміс пен көкөністерді құрастыру Міндеттері: Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану арқылы қарапайым құрылыстар құрастыру. **(Құрастыру)**	«Жеміс пен көкөніс» Мақсаты: Кітап орталығында кітаптардан жемістер мен көкөністердің суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Міндеттері: Тіл ұстарту жаттығуын жасау. Із –із –із –бақшадағы сәбіз Ет – ет- ет- алма толы себет. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	**Қауіпсіздік ережелері.** Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтауды үйрету.

	Иісім жұпар аңқыған, Бақшадағы шырынмын. Жеп көргендер тамсанған – Балдай тәтті қауынмын. **(Көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)**	бейнеленген көкөністермен жемістерге сәйкес жүп түстегілерді таңдап жапсыру **(Жапсыру)**			
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	«Жас метеоролог» Балабақша ауласындағы метоалаңмен таныстыру Бақылау. Мақсаты: Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** «көкөністер мен жемістер» Міндеттері: көкөністер мен жемістердің суретін салу. (бормен, құммен немесе мольбертте)	«Көкөністер» Міндеттері: ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жемістерді салыстыру; биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей көкөністерді салыстыру. Карточкалармен дидактикалық ойындар **(Математика негіздері)** «Жеміс бағы» Міндеттері: Бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау арқылы жеке шығармашылықпен	Бақылау. Мақсаты: табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын, өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Бақша ауласында өсетін өсімдіктер мен ағаштарды бақылау. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** «көкөністер» Міндеттері: Құмда таяқпен көкөністерді бейнелеу. **(Сурет салу)** **Қимылды ойын:** «Күміс алу»	«Жас метеоролог» Бақылау. Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді байқау. Табиғат құбылыстарын сипаттау дағдыларын пысықтау. **(қоршаған ортамен таныстыру)** «Ойыншықтар» Міндеттері: өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды солдан жақтан оң жаққа қарай орналастыру. Серуенге алып шыққан ойыншықтарды әр жерге қою арқылы кеңістікте бағдарлау дағдыларын пысықтау.	Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласында өсетін ағаштар мен өсімдіктерді көрсету. Шырша мен ағашты ажырата білуін қалыптастыру. Ғажайып сәт. Ағаштардың арасында беті жабылған себет. Бетінде хаты бар. Ішінде сәбіз, қияр, асқабақ, қырыққабат, қызанақ бар екен. Балаларға атату. Топқа алып баруды ұсыну. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Өсімдіктерді суғаруды көрсетіп,таныстыру

3.

	(Сурет салу) **Қимылды ойын:** «өз үйіңді жылдам тап» Балалардың қалуы бойынша еркін ойындар	жұмыстар. **(Құрастыру)** **Қимылды ойын:** «Сақина жасыру»		**(Математика негіздері)** Ыстық және суық желді ажырата білуді үйрету Қ/о «Тырналар»	Қ/о «Поезд» Алып келген себеттегі көкөністерді жуу. Оларды жеп көру. Өткір емес пышақпен турап, салат жасау.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін күй тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауын қалыптастыру. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаңы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				

Балалардың дербес әрекеті	«Көкөністер мен жемістерді себеттерге салу». Міндеттері: "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Карточкалармен жұмыс. **(Математика негіздері)** Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу. Ұжымдық жұмыс жүзім. Балалар бір бірден жасап, сабағына жинап, жүзім сабағын жасау. **(Мүсіндеу)** «Жемістер» Міндеттері: Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Жемістер ыдысы. Әр түрлі көкөністер мен жемістердің ішінен, тәрелкеге сыятын жемістерді жапсыру. **(Жапсыру)**	«Жемістер мен көкөністер» Мақсаты:Жемістер мен көкөністер туралы видео материал көрсету. Міндеттері:Тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету **(Көркем әдебиет)** «Өсімдіктер» Міндеттері: Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру **(Қоршаған ортамен таныстыру)**	«Жемістер мен көкөністер» Мақсаты:Жалпы белгілері бойынша жемістер мен көкөністерді топтастыру. Міндеттері:тақпақты мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету. Иісім жұпар аңқыған, Бақшадағы шырынмын. Жеп көргендер тамсанған – Балдай тәтті қауынмын. **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** «Жемістер» Міндеттері: желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алуды үйрету арқылы жемістерді жапсыру. **(Жапсыру)**	«Жемістер» Міндеттері: дөңгелек пішінді жемістердің суретін салу **(Сурет салу)** көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру **(музыка)**	«Көкөністер» Мақсаты: Алдын ала даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі; Міндеттері: үлкен және кішкентай көкөністерді жапсыру. **(Жапсыру)** «Ағаштармен жемістер» Міндеттері: Құрастыру заттарынан ағаштармен жемістер құрастыру **(Құрастыру)**
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	«Шығармашылықпен құрастыру» Міндеттері: Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру **(Құрастыру)** Қ/о «Кім жылдам?»	«Көңілді күн» Міндеттері: көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру **(музыка)** Қ/о «Тырналар»	«Көкөністер» Міндеттері: Ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып кейбір көкөністерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; **(Мүсіндеу)** Қ/о «Поезд»	«Көкөністер» Міндеттері: Ермексаз және табиғи қалдық материалдармен үйлестіріп жемістер мен көкөністерден әр түрлі заттар жасау. Балалардың қиялын дамыту. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** Қ/о «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру	«Дене мүшелері» Міндеттері: Өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.кім жылдам көрсетеді ойынын бірнеше балалармен ұйымдастыру. Жеке карточкалармен жұмыстар. **(Математика негіздері)** Қ/о «Тырналар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшадағы достары туралы әңгімелесу. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрау. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2024 жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 07.10.2024	Сейсенбі 08.10.2024	Сәрсенбі 09.10.2024	Бейсенбі 10.10.2024	Жұма 11.10.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балаларға жануарлардың суреті бар кітаптар алып беруін ұсыну.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптаркарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын. Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата»,«Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекті бақылау (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға көмектесуін жетілдіру) **Балармен жеке жұмыс.**				
	Видео материал көру Орман дегеніміз не? «орманда кімдер мекендейді?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну **(сөйлеуді дамыту)** «Жануарлар» Міндеттері: салынған жануарларды түстерін дұрыс таңдап бояу. **(Сурет салу)**	«Тоқылдақ» Міндеттері: Суреттерді, заттарды карастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; Орманда қандай құстар мекендейді? Кітаптар арқылы тану, атау. Олардың ерекеше белгілерін есте сақтау. Тақпақ жаттау. Тоқылдақтар тоқылдап	«Орман жапырақтары» Міндеттері: Балаларға жапырақтар салынған себетті көрсету. Бұл жапырақтар орман ағаштарынан түскен жапырақтар. Мен сендер үшін жинап алып келдім. Мына суреттерге қараңдар. Бұл суретте шырша, қайың, үйеңкі ағаштары	«Саңырауқұлақпен жидектер» Міндеттері: атауларын атауда дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету. Тақпақ жаттау Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп - теріп аламыз, Қалтамызға саламыз. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	«Бір немесе бірнеше» Міндеттері: Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату. Жануарлар, ағаштар, құстар және саңырауқұлақ

		Ешбір тыным көрмейді Ағашты қанша тессе де, Жұмысы бір өнбейді. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	бейнеленген. Жапырақтарына назар аударып, сәйкесінше қойыңдар. Атауларын атап, қандай белгілері бар әңгімелейік.		лен жидектер суреттері арқылы жеке жұмыстар. қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу **(математика негіздері)**
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Шеңбер құрып сәлемдесу. Сәлем, деймін күнге мен Сәлем, деймін мен саған Сәлем, деймін апайға Қонақтарға, құстарға, Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. «Орман дегеніміз не?», «орманда кімдер өмір сүреді деп ойлайсың?» тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Қазақ тілі** Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! Рақмет! кешірші, мен олай қайталамаймын, татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Сөздерін күнделікті пайдалану дағдысын жетілдіру.	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* жан-жаққа баяу айналу. *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру *Еңбектеу, өрмелеу.* Гимнастикалық қабырғаға	**Музыка**	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* жан-жаққа баяу айналу. *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Допты жоғары	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* жан-жаққа баяу айналу. *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру *Еңбектеу, өрмелеу.* Гимнастикалық


		өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). *Секіру.* Құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Қимылды ойын: Шыбыққа қалпақ кигізу		лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойын: Өз түсіңді тап. Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын жетілдіру	қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойын: Ақ доп, қызыл доп
	Сергіту сәті «Ұзан құлақ сұр қоян.» Құрылыс заттарынан жануарларға үйшік құрастыру **(Құрастыру)**	Құстарды ауызша санау. Үлкен кіші салыстыру. Алыста жақында сөздерінің мағынасын түсіндіру. Құс ұяларын салыстыру. **(математика негіздері)**	Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі. Тақпақ жаттау. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Фланелеграф тақтасында ағаштарды жапсыру арқылы орман жасау. **(Жапсыру)**	«Жидектер» Міндеттері: жидектердің суретін таңдауы бойынша салу **(Сурет салу)**	Дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті бояулармен) дағдыларын қалыптастыру. Еркін тақырыпта шығармашылық жұмыс **(Сурет салу)**
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	«Жас метеоролог» Бақылау. Мақсаты: Даладағы ауа райы қандай.	Құстар Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласында ұшып жүрген	Күн тәртібімен таныстыру арқылы тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең,	Саңырауқұлақ пен жидектер Бақылау. Мақсаты: Балабақша	Құрылыс материалдарынан орманға барар жол жасауды үйрету.

	Табиғатта қандай өзгерістер бар. Метоалаңнан желдің бар жоғын, жаңбыр жауғанын анықтау. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру; **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Тақпақ жаттау Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп - теріп аламыз, Қалтамызға саламыз. **(көркем әдебиет)** Қимылды ойын: «Өзара айырмашылығын тап»	құстарды бақылау негізінде зейінін, байқағыштығын дамыту. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық» Еңбек әрекеті Құстардың ұясын көрсету. Жем салу. Су құю. **Дидактикалық ойын** «Ертегіні ойнайық»	күндіз, кеш, түн. **(математика негіздері)** Балабақша ауласында өсетін ағаштарға күтім жасау. Жапырақтар теру, су құю. Құмырағa сәндеп салу. Балалардың дербес әрекеті дамыту, еркін ойындары **(Қоршаған ортамен таныстыру)** **Дидактикалық ойын** «Аулада»	ауласынан саңырауқұлақ пен жидектер іздеу. Бар болса теру, атау. Ауа райның ерекшеліктерін байқау. Күз мезгіліне тән құбылыстарды атауды үйрету. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: Поезд Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстыру. **(құрастыру)**	**(Құрастыру)** Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: Сақина жасыру **Дидактикалық ойын** «Бип, бип, пыш»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** «Бауырсақ», «шалқан» және т.б ертегілерді оқып беру **(көркем әдебиет)**				

	«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауын қалыптастыру.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жануарлар» Міндеттері: олардың дене бөлшектерін атату. Жануарлардың биіктігі бойынша салыстыру. **(математика негіздері)** «Аю» Міндеттері: Алакандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы ермексаз кесектерін жаю дағдыларын пысықтау. Аюды мүсіндеу. **(Мүсіндеу)**	«Құстар» Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөліну. Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы құстардың суреттерін салу, тұзды қамырды пайдаланып құс мүсінін жасау. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден құстарды жапсыру. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)**	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету **(Құрастыру)** «Жапырақтар» Міндеттері: Жапырақтарды салу, ермексаздан жасау әдістерін жетілдіру. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)**	«Құлпынай мен қарақатты және т.б жидектерді салысыру». Міндеттері: Үлкен кіші сөздерін пайдалану. Бөліп себеттерге салу. Артығын тап дидактикалық ойыны. Карточкалардан бірдей жидектен артық жидекті табу. **(математика негіздері)** Элементтерді қарапайым біріктіру білігін жетілдіру. Саңырауқұлақты мүсіндеу, жапсыру **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)**	«Орман» туралы біз не білеміз. Міндеттері: Суреттер бойынша әңгімелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Жаттаған тақпақтарын еске түсіріп айту. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** «Табиғат бұрышын мекендеушілерді» бақылау дағдыларын қалыптастыру. Орманмен салыстыру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жүптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаңы дамыту).**				
Серуен	Дайын жапсыру ішіндерінен жануарларды жапсыру. **(Жапсыру)** Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу. Еркін ойындар Қ/о:Қоян мен қасқыр	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрастыру. **(құрастыру)** Қ/о: Тырналар-тырналар	Мысықтың дауысын салу. Қ/о: Тышқандар мен мысық Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау.	Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. **(музыка)** Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»	Ермаксаздан апта бойы жасаған жұмыстың ішінен ұнағанын жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. **(Мүсіндеу) (Жапсыру)** Қандай көкөніс пен жеміс-терді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт»
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				
	Балалармен орман туралы әңгімелесу.	Құстар туралы жаттаған тақпағын сұрау	Табиғи материалдардан орман жасауды ұсыну. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну.	Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 14.10.2024	Сейсенбі 15.10.2024	Сәрсенбі 16.10.2024	Бейсенбі 17.10.2024	Жұма 18.10.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай көңіл белгілері арқылы көңіл күйін білдіру. Сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздерді қолдануы жөнінде сауалнама алу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап» Қай әлемге барғың келеді таңда Жануарлар ортасы Өсімдіктер әлемі Жәндіктер әлемі **Балармен жеке жұмыс.**   				
	«Үй жануарлары» Міндеттері: жайлы суреттер көрсету, әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту,байланыстырып сөйлеуді үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**	Міндеттері: Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту.	Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта **(сурет салу және жапсыру)** жұмыстары Дидактикалық ойын «Не істеу керек, табамыз?»	Өзінің үйіндегі сүйікті жануардың суретін салу немесе ермексаздан жасауды меңгерту **(сурет салу, мүсіндеу).**	«Үй жануарларының дауысы арқылы тану». Міндеттері:Топтағы ойыншықтарын табу, сипаттау. Не білетіндерін әңгімелеу. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. **(мәдени-**				

	гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бес саусақ» өлеңі Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары (көркем әдебиет) «Үй жануарлары» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Қазақ тілі** Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздер: Балабақша, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, тура жолмен жүру. *Секіру.* 15-20 сантиметр биіктіктен секіру *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойын: Қоян мен қасқыр	**Музыка**	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, тура жолмен жүру. *Жүгіру.* тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойын: Күміс алу Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, тура жолмен жүру. *Жүгіру.* тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Қимылды ойын: Торғайлар мен автомобиль

				тебу. Спорт залда	
	«Жеті лақ» Мақсаты: ертегіні оқып беру. Міндеттері: (үстел үсті театры) кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу **(көркем әдебиет)** Міндеттері:Карточкалар ға қарап құрастыру материалдарынан үй жануарларын құрастыру. **(құрастыру)**	«Үй жануарларының төлдері» Мақсаты: Үй жануарларының төлдерін атауды үйрету Міндеттері: Оларды сипаттауды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша үй жануарлары тақырыбында геометриялық пішіндерден сурет салғызу, ермек саздан мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсіндерден құрастырып жасату, пішіндерден үй жануарын жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**	«Үй жануарларының қорасын жасау» **(мүсіндеу)**	«Менің үй жануардан досым тақырыбында әңгімелесу». Міндеттері: Үйдегі мысығы немесе күшігін сипаттап сөйлеуді үйрету **(сөйлеуді дамыту)**	«Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру». Мақсаты: Үй жануары атты көлік құралы ретінде пайдаланатыны туралы түсінік беру. Суреттер тамашалау. Ойыншық аттарды салыстыру. Дене мүшелерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)** Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	Дәстүрден тыс әдіспен үй жануарларын бояу **(сурет салу)** «Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар	Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Еңбек. Мақсаты: Аула сыпырушы мен	үй жануарлары Бақылау. Балабақшаны мекендейтін үй жануарлары туралы	«Салыстыру» Міндеттері: Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жапырақтарды	Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету. **(құрастыру)**

	ауларту». Бақылау. Мақсаты: Жел согып тұр, далада салқын деген ұғымдарды түсінуін жетілдіру.**(коршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар Қимылды ойын «тышқандар мен мысық»	бақташыға көмектесу. **(коршаған ортамен таныстыру)** Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)** Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер Қимылды ойын «тышқандар мен мысық»	әңгімелесу. Мақсаты: Оны барып көру, күтім жасау. Су тамақ беру. (қонаққа мысық немесе күшік келеді) **(коршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар. Табиғи материалдардан қора жасау. **(құрастыру)** К/О «Поезд»	салыстыру, жапырақтардың кай ағаштар түскенін атауын үйрету. **(коршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)** Еркін ойындар Қағаздан бетіне дайын жануарларды жапсыруды үйрету. **(жапсыру)** Қимылды ойын «тышқандар мен мысық»	Еркін ойындар К/О «Поезд» Дидактикалық ойын «Кім алғыр?»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүртү, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін күй тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауын қалыптастыру. Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз				

шаралары	балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын меңгеру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үй жануарларын ермексазбен табиғи материалдармен (жаңғақтармен) мүсіндеу. **(Мүсіндеу)** Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру. Карточкалармен жеке жұмыстар. Дидактикалық ойын «артық пішінді тап» **(математика негіздері)** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер	«жеті лақ» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)** Үй жануарларын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(Математика негіздері)**	**Үй жануарлары** бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Дидактикалық ойын «Мәшине»	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. **(көркем әдебиет, музыка)** Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды жетілдіру. **(құрастыру)** Еркін іс әрекеттер	Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	Фланелерафқа үй жануарларын тауып жапсыру **(жапсыру)** К/о «Ақ доп, қызыл доп» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	К/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету. «Жас метеоролог» Бақылау. Мақсаты: Далдағы ауа райы қандай. Табиғатта қандай өзгерістер бар. Метоалаңнан желдің бар жогын, жаңбыр жауғанын анықтау.	«Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау **(Математика негіздері)** К/О «Допты дәлдеп лақтыр»	К/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Білетін тақпақтарын қайталап айтуын пысықтау **(көркем әдебиет)** К/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				
	Үй жануарлары туралы не білетінін сұрау.	Жеті лақ ертегісін айту	Үй жануарлары бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну	Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну	Іс шарадан алған әсерлерін сұрау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан айы 2024 жыл 4 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 21.10.2024	Сейсенбі 22.10.2024	Сәрсенбі 23.10.2024	Бейсенбі 24.10.2024	Жұма 25.10.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(сөйлеуді дамыту). Сыйлығы бар сөмкені аш о** 				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күннің суытуына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй құстарын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. **Балармен жеке жұмыс.**				
	«Құстар» Міндеттері: Кітаптар орталығында үй құстары бейнелеген кітаптарды көрсету. Үй құстары туралы не білетінін анықтау. Олар туралы не білгісі келетінін сұрау. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. «Бала бала балапан» әнін айту. би қымылдарын жасау. Балапан туралы не білетінін сұрау. **(сөйлеуді дамыту)**	Дидкатикалық ойын «қай ертегіден» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. **(көркем әдебиет)** Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салыстыру, санау **(математика негіздері)**	Құстардың қимылы мен дауыстарын салу қабылеттерін жетілдіру. «Қуыр қуыр қуырмаш»әнін айтқызу. Үй құстары немен тамақтанады сұрау, дәндерді көрсетіп ақпараттар беру. **(көркем әдебиет)**	
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге кезекпен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүтінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Қазақ тілі** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту. Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздермен сөздік қорларын толықтыру: жылы киінеміз, жеңіл киінеміз, үстел, орындық, топ, байқа, асықпа, күт, көмектес, жер, орамал.	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.*Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. *Жүгіру.* тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. *Секіру.* ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойын: Тышқандар мен мысық.	**Музыка**	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.*Еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, аркан бойымен жүру *Еңбектеу, өрмелеу.* Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). *Секіру.* 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру Қимылды ойын: Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру	
	Ұжымдық сурет салу. Қарапайым табиғат құбылыстарын, құстарды	«Үйрек» Мақсаты:Қонаққа үйрек келуін ұйымдастырумен	Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде	«Мен Отанымменмақтанамын!» ертеңгілік іс шара	

	бейнелеуге баулу. **(сурет салу)**	балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету. Міндеттері:Үйрекке арнап білетін тақлақтары мен әндерін айтып, музыкаға би белеуін ұйымдастыру. Қимылды ойын ойнату. Үйрекпен қоштасу **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, музыка)**	шығармашылық жұмыстар. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)**		
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	«Жас метеоролог» Бақылау. Мақсаты: Даладағы ауа райы қандай. Табиғатта қандай өзгерістер бар. Метоалаңнан желдің бар жоғын, жаңбыр жауғанын анықтау. Жапырақтардың тербелуі мен жерге түсуін тамашалау. Құстарға қарау. Олардың үй құстарынан айырмашылығы неде екенін сұрау, ақпарат беру. **(коршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар	Ауа райы Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласын сипаттап, ауа райы туралы айтып беруін ұйымдастыру. **(коршаған ортамен танысу)** Ермексаздан үйрек жасап көрсетру, құмда таяқпен үйрек суретін салуды ұйымдастыру **(мүсіндеу, сурет салу)** «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін кітаптан оқып беру, суреттерін көрсету.	Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар **(құрастыру)** Еңбек. Мақсаты: Аула сыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру. Балалардың дербес әрекеттері	Бақылау. Мақсаты: Балабақша аумағын мекендейтін құстармен танысу. Оларға қамқорлық таныту әдістерін таныстыру. Қонаққа келген балапанды. тамақтандыру, су беру. **(коршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар Біртекті құстардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп	

		(көркем әдебиет) Дидактикалық ойын «Кім екенін тап»		көрсетуді үйрету. (математика негіздері) құстарға арнап әр түрлі заттар құрастыру (құрастыру)	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауын қалыптастыру. Орыс халық ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаңы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптаркарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеттері: Тәулік бөліктерін тануын дамыту оларды атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. **(математика негіздері)** Балалардың таңдауы бойынша балапанды ермексаздан жасау, үй құстарын фланелеграфта жапсыру. **(мүсіндеу, жапсыру)**	Міндеттері:Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту **(Математика негіздері)** «Үйшік» Міндеттері: Құрастырмалы ойынышықтардан үйрекке үй құрастыру **(Құрастыру)** Фланелеграфта үйректі балапандарымен сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау **(Жапсыру)**	«Үсқынсыз үйрек» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. **(сөйлеуді дамыту)**	Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың таңдауы бойынша ертегі кейіпкерлері немесе ойдан шығарылған ертегі кейіпкерлерін суретін салып, мүсінін жасау. Дайын пішіндерден ертегі кейіпкерін жапсыру жұмыстарын орындау **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**	
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Табиғи материалдардан үй құстарына үйшік құрастыру. **(құрастыру)** Еркін ойындар	Қ/о «Сақина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. Балалардың дербес әрекеттері	Ертегідегі жануарлар қандай табиғатқа жатады. Өлі әлде тірі табиғатты танып анықтауын қалыптастыру. Үй құстары қайда	Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	

	Жеке әңгімелесулер	«Ұсқынсыз үйрек» ертегісін қайталап кітаптан оқып беру, суреттерін көрсету. **(көркем әдебиет)**	тіршілік ететінін зерттеу. **(қоршаған ортамен таныстыру)** К/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері	«Әнші балапан» әнін тыңдату, сюжеттік мүсіндеу. **(Мүсіндеу)**	
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				
	Үй құстары туралы сұрауға кеңес беру.	Ұсқынсыз үйрек ертегісін айтып беруін сұрау	Әнші балапан әнін тыңдап, берге орындауға кеңес беру.	Қуыр қуыр қуырмашты үйде жасауға кеңес беру.	

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 5 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 28.10.2024	Сейсенбі 29.10.2024	Сәрсенбі 30.10.2024	Бейсенбі 31.10.2024	Жұма 01.11.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуын ойнату Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарға қатысуға ынталандыруды ұйымдастыру **(сөйлеуді дамыту)**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Әлеметтік ,эмоционалды зияткерлік қабылетін дамыту үшін балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аударуды үйрету. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар. Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. Өнер орталығында сурет салу, бояту, суретті кітапшаларды бояу, қарату. Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Сөрелерге ойыншықтарды жинау. **Балалармен жеке жұмыс.**				
	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдауды жетілдіру. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту,	Кітаптан «Шалқан» ертегісін оқып беру. Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з)дыбыстарды анық айтуын үйрету **(Сөйлеуді дамыту)** Шалқанның суретін салдырту. Балалардың таңдау бойынша қарындаш немесе	Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. Топтағы заттардан фигураларға ұқсас келетіндерін табу. Кітаптардан сондай пішін барма қарап, тапқызу.	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелерді, кірпіштерді ажырата білуге үйрету. **(Құрастыру)**	Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды үйрету. **(Сөйлеуді дамыту** «Ұсқынсыз үйрек» ертегісін кітаптан оқып беру. Кейіпкерлердің іс әрекетін

	артикуляциялық аппаратты дамыту жаттығуларын жасату **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	қылқаламмен жұмысын жасату. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. **(Сурет салу)**	**(Математика негіздері)**		сипаттауды үйрету. **(көркем әдебиет)**
Таңертеңгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені бойынша жатығуларды орындату **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білуді жетілдіру.Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды пысықтау				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер. Балалардың зейінін әдемі, мейірімді, жақсы көңіл-күймен өзіме аударып, бүгінгі күн сендерге қуаныш пен көптеген жаңа қызықты әсерлер әкелген деп «Көңілді-күн» әнін айтқызу. «Менің кітабым» тақырыбында балалармен әңгімелесу. Үйден алып келген кітаптарын қарау. Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау мумкіндігін беру, ережелер туралы келісу және т. б. Жағдайларды жасау **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Қазақ тілі** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. (таңғы жаттығулар қайталанады) Негізгі қимылдар: *Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап	**Музыка**	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру	**Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап

	баулу. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату	жүру *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату. *Секіру.* Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру Қимылды ойын: Сақина жасыру		*Домалату, лақтыру, қағып алу.* допты заттардың арасымен, қақпаға домалату. *Еңбектеу, ормелеу.* Көлбеу модуль бойымен еңбектеу; Қимылды ойын: Қуыр-қуыр қуырмаш. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. Спорт залда	жүру *Еңбектеу, ормелеу.* туниельаркылы еңбектеу *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Қимылды ойын: Шыбыққа қалпақ кигізу
	Кітаптардан дене мүшелері бейнеленген суреттер қарату. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды қолдарын үстелдің үстіне және астына қойып ойнату. **(Математика негіздері)**	«Шалқан» Міндеттері: Ермек саз кесектерін алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы шалқанды мүсіндету **(Мүсіндеу)** Дайын шалқанды ертегі желісі бейнеленген суретке орнын тауып жапсырту. **(Жапсыру)**	Үшбұрыш фигурасын пайдаланып әр түрлі құрылымдарды ойдан шығарып құрастырту. **(Құрастыру)**	«Кітаптарға қызығушылықты ояту». Міндеттері: Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, Балаларға бір бірден қораптан зат алдырту. Алмай	«Үйректі ермексаздан жасату». Міндеттері: Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. **(Мүсіндеу)**

				жатып ол не екенін сипап сезу арқылы тапқызу. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Еңбек. Мақсаты: Аула тазалаушысымен сұхбат. Еңбек нелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытуды дамыту. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Бормен жерде әртүрлі пішіндегі кітаптар, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар және заттарды таңдауы бойынша бейнелеуге баулу **(Сурет салу)** **Қимылды ойын:** «Өз үйіңді жылдам тап»	Балабақша ауласынан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, салыстыруды жасату. **(Математика негіздері)** Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Әр түрлі ғимараттар құрастыруды үйрету. **(Құрастыру)** **Қимылды, еркін ойындар Спорттық жаттығулар:** Спорт залда үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға	Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру Бақылау. Мақсаты:Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Ұшып өткен самолетті, құстарды бақылату. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Көрген заттарының бейнесін ағашпен құмда немесе ауада салып көруді ұйымдастыру. **(Сурет салу)**	«Жас метеоролог» Бақылау. Мақсаты: Далдағы ауа райы қандай. Табиғатта қандай өзгерістер бар. Метоалаңнан желдің бар жоғын, жаңбыр жауғанын анықтау. Желдің бағытын анықтату. Желге қарсы және желдің бағытымен жүгіруді жасату. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балабақша ауласынан әр түрлі заттарды тауып заттарды ұзбымен өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем)	Құстарды бақылату. Бақылау. Мақсаты:Акқу мен үйректің және басқа да құстардың ортақ белгілері туралы әңгімелесу. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Ұлттық бұрышқа бару. Әдемі кілемдер мен көрпешелерге назар аударту. Мольбертте салып көруді ұсыну. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін

	Балалардың қалуы бойынша еркін ойындар	бұрылып тебуді үйрету. Дидактикалық ойын «Үй құрылысының ретін көрсет»	**Қимылды ойын:** «Күміс алу»	салыстыруды үйрету **(Математика негіздері)** К/о «Тырналар» **Спорттық жаттығулар:** Спорт залда үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебуді үйретуді жалғастыру	қайталап салуға баулу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **(Сурет салу)**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру. табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыдануояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ритмалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету.				

	Тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп коюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Шығармашылық жұмыстарымен айналысу барысында күй тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауын қалыптастыру. Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату. «Кітап» Міндеттері: Кітаптың мүсінін ермексаздан жасату **(Мүсіндеу)** Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Кітап бетіне дайын пішіндерді жапсырып сәндеуді үйрету. **(Жапсыру)**	«Шалқан» Міндеттері: ертегісін қайталап оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап қайталап айтуын үйрету. **(Көркем әдебиет)** Балалардың көздерін байлап, қолдарына бір зат беру. Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Дидактикалық ойын «Дәл осындай пішінді тап»	Міндеттері:Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Өзара ойындарда сұрақтар қоюды. Кітаптар қарауды дамыту. **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Ұжымдық жұмыс. Жылы жаққа ұшып бара жатқан құстарды бір біреуден реттілікпен жапсырту. **(Жапсыру)** Ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһазды таңдауы бойынша ерекше белгілерін бере	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Кітаптарға қарап әр түрлі кейіпкердің (бауырсақ) бейнесін салу, мүсінін жасауды және жапсыруды үйрету. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)**	«Кілемшені сәндеу». Міндеттері: Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. **(Жапсыру)** «Ұсқынсыз үйрекке ұя жасау». Міндеттері: Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін

			отырып ермексаздан мүсіндету. **(Мүсіндеу)**		сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **(Құрастыру)**
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	Еркін табиги қалдық материалдардан құрылымдар құрастырту. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **(Құрастыру)** Қ/о «Кім жылдам?» Кеңістікті бағдарлауға,	көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру **(музыка)** Қ/о «Тырналар»	Қ/о «Поезд» «Жасырылған затты тап сипатта» тапсырмаларын орындату	Қ/о «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру	Далаға шығып сәлден соң карңғы болатынын айту. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. **(Математика негіздері)**

	«жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекетер жасауға үйрету				Ж/о «Тырналар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшадағы кітаптары туралы әңгімелесу. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				

ТАҢЕРТЕҢГІ САУЫҚТЫРУ ЖАТТЫҒУЛАР КАРТОТЕКАСЫ

Қазан айы

DЖуру, жай жүру, қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру,
жүгіру, шеңбер болып тұру.

II.Жан-жақты дамыту жаттығулар:

1. Бастапқы қалып: аяқты бірге, қол төменде.
1-қолды алға созу, 2-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.
2. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық кол кеудеде
1- қолды жанына созу, 2-бастапқы қалыпқа оралу. 4-5 рет қайталау.
3. Бастапқы қалып : аяқтын арасы ашық, кол желкеде.
1-тізені бүкпей алға еңкею, 2-бастапқы қалыпқа оралу.4-5 рет қайталау.
4. Бастапқы қалып: аяқтың арасы ашық, қол белде.
1- қолды жанға созу, 2- отыру, 3- бастапқы қалыпқа оралу.4-5 рет қайталау.
5. Бастапқы қалып: аяқты бірге,қойып қос аяқтап қояндарша секіру.7-8 сек.

I. Еркін-тыныс алу жаттығулары.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

Қоян мен қасқыр ***(Тәрбиеші балалармен бірге)***

Санамақ бойынша қасқыр мен лақты сайлап ортаға шығарады. Қалған балалар қойшылар болады. Қойшылар бір-бірінің қолын ұстап шеңбер болып айналып жүреді. Шеңбердің ортасында лақ жайылып жүреді. Шеңбердің сыртындағы қасқыр ортадағы лақты жеуге ұмтылып жүреді. Егер қасқыр лақты шеңбердің ішінде ұстап алса ойын жалғасады.

Тырналар-тырналар

(Балалар тырналарға ұқсап тізіліп тұрады)

Ойынды жүргізуші «Тырналар-тырналар, қане тізіліп тұрыңдар» деп бастайды. Барлық ойыншылар тізіліп тұрады. «Тырналар-тырналар, енді қане жіп болыңдар» дейді. Балалар жіпке ұқсап тізіліп тұра қалады. Тәрбиеші «Тырналар-тырналар жылан сияқты болыңдар» дегенде балалар жыланға ұқсап, ирелек-ирелек болып тура қалады. Жаттығулар жас ерекшеліктеріне байланысты шапшаңдықпен өткізіледі. Егер ойыншылар ойынан қателесіп кетсе, ойынды қайтадан бастайды.

Тышқандар мен мысық.

Балалар — тышқандар.

Балалар - тышқандар өз індерінде отырады (бөлменің қабырғасын жағалай, немесе алаңның жан-жағына қойылған орындықтарға). Алаңның бір бұрышында мысық отыр. Мысықтың рөлін тәрбиеші атқарады. Мысық ұйықтап кеткенде тышқандар бөлмеде жүгіреді. Бірақ мысық оянады, керіліп-созылады, миялайды және тышқандарды ұстай бастайды. Тышқандар тез қашып кетеді және індеріне тығылып (орындықтағы өз орындарына отырады) қалады. Барлық тышқандар індеріне қайтып келген соң мысық қайта ұйқыға кіріседі. Ойын 5-6 рет қайталанады.

Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар тәрбиешінің көмегімен екі топқа бөлініп тұрады. Әр топ баласы белгілі қашықтықта тұрған шыбыққа, кезегімен қалпақты лақтырып кигізеді... Балалар бір бағытты бағыттай білуге үйренеді.

Өз түсіңді тап.

Тәрбиеші балаларға 3-4 түсті кішкене жалаушаларды таратып береді: қызыл, көк, сары, жасыл. Түсі бірдей жалаушасы бар балалар, жалаушаның түсімен алдын ала белгіленген бөлменің әр бұрышына жиналады. Тәрбиешінің «Ойнап келіңдер!» деген белгісі бойынша балалар алаңның (бөлменің) әр жағына тарап кетеді. Тәрбиеші «Өз түсіңді тап!» деген кезде балалар өз түстері бар жалаушаның қасына жиналады. Тәрбиеші қай топ бұрын жиналғанын белгілейді. Сонан соң, ойын қайталанада. (5-6 рет)

Ақ доп, қызыл доп

Балалар шеңбер болып тұрады. Тәрбиеші түрлі түсті доптарды ортаға көптеп үйіп қояды, Тәрбиеші ақ доп дегенде, қай бала ақ допты, бірінші болып ұстаса, сол бала жеңіскс жетеді. Қай бала доптарды түсіне қарай ажырата отырып, көп жинаса сол жеңіске жетеді. Балалар тәрбиешінің дыбыс беруінің көмегімен ойынды бастайды.

Поезд

Балалар колонаға бір-бірден тұрады (бір-бірімен қолдаспай), Біріншісі паровоз, ал қалғандары - вагондар. Тәрбиеші гудок береді де, поезд алға жылжи бастайды, ең әуелі баяу, кейін жылдам, жылдамырақ және ең соңында балалар жүгіреді. «Поезд станцияға жақындап келеді» - дейді тәрбиеші. Балалар жүрісті бірте-бірте баяулатады да, поезд тоқтайды. Балалар серуендеуге шығады. Олар жан-жаққа тарап, гүлдер, жеміс, саңырауқұлақтар теред і. Гудокты ести сала олар қайтадан колоннаға тұрады да, поездің қозғалысы жаңадан басталады. Ойын 4-5 рет қайталады.

«Допты дәлдеп лақтыр»

Балалар екі топқа бөлінеді. Екі топтан екі бала шығады. Екі баланың қолына екі доп беріледі, 4-5 м қашықтықта белгіленген орынға (*дөңгелекке)* лақтырады. Осылай әр топтың балалары допты лақтырып шығады да, қай топтың балалары дөңгелекке көп тигізсе сол топ жеңіске жетеді.

«Күміс алу»

Тәрбиеші жерге тиын теңгелерді шашып тастайды. Балалар екі топқа бөлінеді. Күміс атауға топтың екі баласының қолына кішкентай екі қапшық беріледі. Ойын тәрбиешінің белгісі бойынша басталады. Қай топтың баласы жылдам, көп жинап келсе сол топ жеңіске жетеді.

«Не жедің, тауып айт»

Дәм сезу анализаторы арқылы шешімін табу.Көз жұмып ауызға салған затты шайнап не екенін анықтау.Тәрбиеші әр түрлі дәмдегі көкөністер мен жемістерді алу. Оларды жуу. Тазалағаннан кейін ұсақ бөлшектерге бөлу. Салыстыруға балалардың үстелдеріне қою.Тәрбиеші көкөністермен жемістерді бір балаға дәмін татгырып көзін жұмғызып «жақсылап шайнап қандай жеміс көкөніс екенін тауып айт». Балалар орындағаннан кейін тәрбиеші жемістермен сый көрсетеді.

«Торғайлар мен автомобиль»

Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Тәрбиеші торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады.

Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.

Құстардың ұшып келуі

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ қарлығаштар, екіншісі торғайлар. Тәрбиеші қарлығаштар ұшып келді дегенде қарлығаш тобындағы балалар алаңға құстар секілді қолдарын жайып ұшып келеді. Торғайлар ұшып келді дегенде торғайлар тобындағы балалар ұшып келеді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де,сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға:

-ортанғы саусағымды тапшы,-дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да,міне,-деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса,ұпайды бірінші бала тартады.Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынашқа дейін саусақтардың атын бір түгел атап беруі.:басбармақ,балан үйрек,ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.Бес саусағын түгел жұмады.Тағы да бас бармағынан бастап,былай деп 5 с аусақты түгел жазады.

Сен тұр қойына бар.
Сен тұр түйеңе бар
Сен тұр жылқыңа бар
Сен тұр сиырыңа бар
Сен кішкентай әлі жас екенсің
Қазанның қаспағын қырып же де,жыламай отыра тұр.
Енді осы шынашақтың өзі алакан шұңқырына бүгіп тұқырта ұстайды да:
Қуыр-қуыр ,қуырмаш

Балапанға бидай шаш
Әжең келсе есік аш
Қаскыр келсе мықтап бас
Шынашақты шыр айналдырып,баланың алақанын қытықтайды.Осыларды істеп бола беріп:
Мына жерде қой бар
Мына жерде жылқы бар
Мына жерде жылқы бар
Мына жерде түлкі бар
- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ

«Өзара айырмашылығын тап»

1.Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.
2.Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.
Көрнекілік: бала санына (15 дана) суреттер жинағы.
Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

«Үйдің есігін жабайық»

Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту.
Ойынның құрал-жабдықтары: үй есіктерінің суреттері.
Мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

«Вагондарға дөңгелек таңдау»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.
Құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.
Мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

« Жұбын тап»

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.
Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.
Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

«Әдемі кілемшелер»

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

Ертегіні ойнайық

Мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, балалардың фонетикалық есту қабілетін, сөйлеу тілін жетілдіру.
Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға өткен ертегілерін естеріне түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің даусын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерлерінің даусы екенін анықтауын сұрайды. Мысалы «Жеті лақ» ертегісін естеріне түсіреді. Ешкінің даусы төмен дауыс, лақтардың даусы ортаңғы дауыспен, ал қасқырдың даусын жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді, содан кейін қандай кейіпкердің даусы екенін табуын сұрау.

Ертегіні ата

Мақсаты: балаларға ертегіні ажыратып айта білуге үйрету. Күрделі сөйлемді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құра білуін қалыптастыра отырып өз ой-пікірлерін айта білуге үйрету және жинақтау, талдау қабілеттерін жетілдіру.
Ойын барысы: Балаларға бірнеше ертегілердің суретін (Коллаж) көрсетеді. Суреттегі ертегілерді қарай отырып, ертегі кейіпкерлерін атап, оларды сипаттайды.

Аулада

Мақсаты: Тілдік естуді және дауысқа еліктеу қабілеттілігін дамыту.
Ойын құралдары: Ойыншық қораз, тауық, қаз, торғай.
Ойын барысы: Тәрбиеші өленді мәнерлеп оқиды және сәйкес суреттерді көрсетеді.

Ақ тауық ау ақ тауық,
Ақ тауық неден қақсауық.
Ертемен қыт-қыттайды,
Ауламыздан шықпайды.
Балпаң басқан үйрегім,
Бұлтыңдайды бүйрегің,
Жалпақ тұмсық жем іздеп,
Қырқылдайсың, қоймайсың,
Тамаққа бір тоймайсың.
Торғай–торғай тоқылдақ
Жерден тары шоқып ап.
Бөтегесі томпайып,
«Шиқ-шиқ» десіп отырмақ.
Тікірейіп құлағы,
Менен бұрын тұрады.
Бойын жазып керіліп,
Беті–қолын жуады.
Мяу–мяу, мяу–мяу.

Бип, бип, пыш

Мақсаты: Еліктеу бойынша дыбыстардың дұрыс айтылуын бекіту.
Ойын құралдары: Паровоздың суреті.
Ойын барысы: Тәрбиеші өлеңді оқиды, ал балалар бірінен соң бірі тізбектеліп паровоздың кимылын жасайды. Сосын еліктеу сөздерін қайталап айтады.

Бип, бип, пып.
Мен паровоз аламын.
Сақалға бет аламын.
Бірте-бірте тездейміз,
Тез жетуді көздейміз.
Бип, бип, пып.
Көп қалаға өтеміз.
Қызықтарға жетеміз,
Бип, бип, пып.
Гух пып, Гук, пып паровоз.
Мықты болсаң басып өз.
Қызық болды көп қалық,
Енді жайлап тоқтаймыз,
Бип, бух, пып.

Балалардың сөз тіркестерін дұрыс айтуын қалағалау.

Не істеу керек, табамыз

Мақсаты: Есту және зейінін жұмыларға білуін дамыту. Сылдырмақтың дыбысымен өзінің қозғалысының арақатынасын белгілеу, қозғалыс сәйкестігін дамыту.
Ойын құралдары: Сылдырмақ, екі жалауша.
Ойын барысы: Баланың қолында екі жалауша бар, егер тәрбиеші сылдырмақты катты сылдырлатса, онда бала жалаушаларды жоғары көтереді және бұлғайды. Егер сылдырмақ акырын сылдырласа, онда жалаушаларды төмен түсіреді. Мұнда балалардың дұрыс тұруын және қозғалыстарының дәл орындалуын қалағалау маңызды. Бала жаттығуды жеңіл орындау үшін сылдырмақтың катты және акырын дыбысталуын кемінде 4 рет алмастыру қажет.

Кім алғыр?

Мақсаты: Есту қабілетін дамыту, сөздік нұсқаулықты, оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.
Ойын құралдары: Ойыншықтар: қуыршақ, ақ, мәшине.
Ойын барысы: Тәрбиеші ойыншықтары бар үстеллің жанында отырады. Бала одан 2-3 метр қашықтықта болады. «Мен сыбырмен сөйлейтін боламын, сондықтан бәрі естілу үшін тыныш отырып, зейінмен тында»:
- Аюды ал және мәшинеге отырғыз.
- Аюды мәшинеңің ішінен ал.
- Мәшинеге қуыршақты отырғыз.

- Құыршақты мәшинемен қыдырт. Бала бұл тапсырмаларды естуі, түсінуі және орындауы қажет. Тапсырмалар қысқа және жеңіл, ал айтылуы ақырын, бірақ анық болу керек.

Мәшине

Мақсаты: «Б» дыбысын дұрыс және анық айтуды қалыптастыру, жеке дыбысқа еліктеп қатты және жай айтуды, кеңістікте бағдарлана білуді дамыту.
Ойын құралдары: Картоннан жасалған (бала санына байланысты) тұтқа, үлкен және кіші мәшинелер.
Ойын барысы: Тәрбиеші мәшинені көрсетеді және оның қалай гүрілдейтінін сұрайды (бң-ң, бң-ң). Сосын үлкен мәшинені көрсетіп, айтады: «Үлкен мәшине қатты гүрілдейді тыңда, былай (бң-ң, бң-ң, дыбысқа еліктеуді әдеттегіден қатты айтады), ал кіші мәшине жай гүрілдейді (сыбырлап 25 ақырын айтады, бң-ң,бң-ң). Балаға дыбыс тіркестерін біресе катты, біресе жай қайталау ұсынылады. Содан соң тәрбиеші балаларға өздері мәшинемен қыдыруды ұсынады. Балалар жүргізушілерді бейнелеп, қолдарында тұтқа топ ішінде «бң-ң, бң-ң» деп айтып бытырап жүтіреді.

Дәл осындай пішінді тап

Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.
Ойын құралдары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.
Ойын барысы: Сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден қажетті құралдардан екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.
Ойын құралдары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.
Ойын барысы: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.

Тәрбиелеу білім беру процесі

2024-2025 оқу жылы

Ересек топ

Қараша 1-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.11.2024	Сейсенбі 05.11.2024	Сәрсенбі 06.11.2024	Бейсенбі 07.11.2024	Жұма 08.11.2024
Балаларды қабылдау	Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу**.** үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу **Медбике тексеруі** **ҚР әнұранын орындау** **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу Жайдары амандасып, баланың көңіл-күйін сұрау. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Жақсы көңіл күй тілеу, Топқа балалар келген кезде балаларды реттілікпен шешінуге, киімдерін шкафқа жинап қоюды үйрету. **Медбике тексеруі** **«Күй күмбірі»** - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру

Ата-аналармен әңгімелесу, **кеңес беру**	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-анаға кеңес:** Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	**Психологтың кеңесі:** Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу» Балаға балабақшадағы ойындар немесе іс-әрекеттер туралы сұрап, үйде соларды қайталап ойнауға мүмкіндік беру туралы айту
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, **бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)**	**«Кімнің даусы?»** **Міндеті:** Балалардың дыбыс тану, сөйлеу мәнерін дамыту. **Өткізу тәсілі:** Тәрбиеші немесе бір бала жануардың немесе кейіпкердің даусын салады. Қалған балалар дауыстың кімге немесе ненің дауысына ұқсайтынын табуы керек. Бұл ойын балалардың тыңдау қабілетін және есте сақтауын дамытады **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет дағдысы**	**«Бірге Ойлаймыз»** **Міндеті:** Балалардың топпен жұмыс істеу дағдыларын және бірлесе сөйлеу қабілетін дамыту. **Өткізу тәсілі:** Бір бала тақырып айтады, ал қалғандары кезекпен бір-бір сөйлемнен қосып, ортақ оқиға құрайды. Бұл ойын балаларды бірлесе жұмыс істеуге және бір-бірін тыңдауға үйретеді. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет дағдысы**	**«Сұрақ-Жауап»** **Міндеті:** Балалардың сұрақ қою, жауап беру дағдыларын дамыту. **Өткізу тәсілі:** Бір бала суретке қарап, екінші балаға сурет бойынша сұрақ қояды. Мысалы, суретте орманда жүрген қоян болса, «Қоян не істеп жүр?» деп сұрайды. Ойын балаларды сөздік қорын байытуға және диалог жүргізуге үйретеді. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет дағдысы**	**«Қонақ Кәде» Ойыны** **Міндеті:** Балаларға қазақ халқының қонақ күту дәстүрі, «қонақ кәде» түсінігі жайлы түсінік беру. **Өткізу тәсілі:** Балалар шеңбер жасап отырады, бір бала «қонақ» рөлінде ортаға шығады. Тәрбиеші қонаққа «Қонақ кәде» сұрайды, яғни шағын тақпақ, ән немесе би көрсетуін өтінеді. Қонақ өз өнерін көрсетеді. Ойын балаларды қонақжайлылық пен шығармашылыққа баулиды.	**«Суреттен СөзІзде»** **Міндеті:** Сөздерді анық айтып, оларды дұрыс қолдануға үйрету. **Өткізу тәсілі:** Балаларға түрлі заттардың суреттері бар карточкалар беріледі. Әр бала суретке қарап, сол заттың атын және оған байланысты басқа сөздерді атайды. Мысалы, «Кітап» - «оқу», «жазу», «білім» сияқты сөздермен байланыстыруға болады. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет дағдысы**

				Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет дағдысы, Ұлттық құндылықты дамыту	
Таңертенгі жаттығу	**Таңғы жаттығу кешені №1** **«Күнге Жет»** **Мақсаты:** Балалардың дене икемділігін және созылу қабілетін арттыру. **Өткізу тәсілі:** Балалар тік тұрып, қолдарын жоғары созады. «Күнге қол жеткізу» сияқты ойын түрінде балаларды саусақтарының ұшына дейін созылып тұруға ынталандырады. Бұл жаттығу арқаны, қолды және аяқ бұлшық еттерін дамытуға көмектеседі.	**Таңғы жаттығу кешені№2** **«Аю сияқты жүр»** **Мақсаты:** Аяқ бұлшық еттерін нығайту және қимыл координациясын дамыту. **Өткізу тәсілі:** Балалар «аю сияқты» төрт аяқтап еңкейіп жүреді. Олардың тізелері жерге тимеуі керек. Бұл қозғалыс балалардың аяқ бұлшық еттерін және тепе-теңдігін жаттықтырады.	**Таңғы жаттығу кешені№3** **«Құстар сияқты ұшу»** **Мақсаты:** Қол және иық бұлшық еттерін дамыту, қанат қимылдарын орындауға үйрету. **Өткізу тәсілі:** Балалар қолдарын екі жаққа жайып, «құс» сияқты жеңіл секіріп, қолдарын қанатша сермейді. Бұл жаттығу балаларға жеңіл қозғалыстарды орындауға және иықтарын бос ұстауға көмектеседі.	**Таңғы жаттығу кешені№4** **«Секірмелі бақа»** **Мақсаты:** Баланың аяқ бұлшық еттерін нығайту және секіру қабілетін дамыту. **Өткізу тәсілі:** Балалар тізелерін бүгіп, «бақа» сияқты секіреді. Әр секірген сайын олар алға ұмтылып, жаттығуды бірнеше рет қайталайды. Бұл жаттығу аяқ пен бел бұлшық еттерін нығайтады.	**Таңғы жаттығу кешені№5** **«Теңізде жүзу»** **Мақсаты:** Қол бұлшық еттерін және жалпы дене координациясын дамыту. **Өткізу тәсілі:** Балалар еденге жатып, қолдары мен аяқтарын көтеріп, жүзу қимылдарын жасайды. Бұл жаттығу арқаны, иық және аяқ бұлшық еттерін нығайтуға көмектеседі.
Таңғы ас	**«Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке	**«Ас адамның арқауы»** Асқа-байлық Денге-саулық тілеу	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар.	Нанның қадірін түсіндіру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін үрдісін орындату	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме Тамақтанар алдында қолды жуу әдебін көрсету

	жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Іс-әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу **"Қазақстанның табиғатын құрастыру" «Менің Қазақстаным» аясында** **Мақсаты:** Балаларды Қазақстанның табиғатымен таныстырып, елдің әсем көріністерін өз қолдарымен құрастыруға қызығушылықтарын ояту. **Ойын барысы:** Балаларға таулар, өзендер, далалар және ормандар бейнеленген суреттер беріледі. Олар сол суреттерді құрастырып,	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру **«Балалар кітапханасы» жобасы** «Бір кітап», «Кітап – менің қазынам», «Жас тыңдарман» жобалары аясындаға балалар кітапханасы	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау **«Өнегелі 15 минут»** Отбасы туралы өнегелі өсиет айту Мысалы: Балалар отбасы ол үлкен бақыт. Сендердің ата-аналарың, бауырларың бар , олар сендерге әрқашан қомқор болады.	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру **Қауіпсіздік іс-шарасы жоспары аясында** **Бейтаныс Заттардан Аулақ Болу:** Ойын алаңында немесе аулада кездескен бөтен заттарды алмау керектігін түсіндіру.	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау **Қауіпсіздік іс-шарасы жоспары аясында** **«Отпен Қауіпсіздік»** **- Мақсаты:** Оттың қауіптілігін түсіндіру. **- Іс-әрекет:** Балалармен бірге отқа қатысты қауіпсіздік ережелерін (оттың жанында ойнамау, шырақпен ойнамау) айтып, ойын арқылы көрсету.

	Қазақстанның табиғи байлығын жасайды.				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **«Көңілді Кедергілер»** **Міндеті:** Балалардың секіру және еңбектеу дағдыларын дамыту. **Өткізу тәсілі:** Алаңға кішігірім кедергілер (жастықтар, төсеніштер, кішкентай саты) қойылады. Балалар сол кедергілердің арасынан секіріп және еңбектеп өтуі керек. Бұл ойын балалардың қимыл-қозғалыс координациясын жақсартады. **Музыка** **Әнді Созып Айту (Ре-си Бірінші Октава Шегінде)** **Міндеті:** Балаларды дыбыстарды таза, анық созып айтуға, музыкалық	**Қазақ тілі** **«Менің Отбасым»** **Міндеті:** Балаларға отбасындағы туыстық байланыстарды түсіндіру, олардың атаулары мен рөлдерін үйрету. **Өткізу тәсілі:** Балалар шеңберде тұрып, әрқайсысы өз отбасы мүшелерінің есімдерін айтып, әрқайсысының отбасыдағы рөлін түсіндіреді. Ойын барысында тәрбиеші «Анаң кім?», «Ағаларың бар ма?» сияқты сұрақтар қойып, балалардың отбасын таныстыруына көмектеседі.	**Дене шынықтыру** . **«Жылдамдық Жарысы»** **Міндеті:** Балалардың жүгіру жылдамдығын және төзімділігін арттыру. **Өткізу тәсілі:** Балалар екі қатарға бөлініп, белгіленген қашықтыққа дейін жарысады. Әр бала өз қатарымен жүгіріп, мәреге бірінші жетуге тырысады. Жеңімпаздар мадақталады. Ойын балаларды жылдам қимылдауға және жарысқа қызығушылығын арттырады.	**Музыка** **Әнді Созып Айту (Ре-си Бірінші Октава Шегінде)** **Міндеті:** Балаларды дыбыстарды таза, анық созып айтуға, музыкалық есту қабілетін дамытуға үйрету. **Өткізу тәсілі:** Балалар шеңберге тұрып, тәрбиешінің жетекшілігімен «Ре» нотасынан бастап «Си» нотасына дейін дыбыстарды созып айтады. Тәрбиеші әр дыбысқа байланысты қол қимылын немесе белгілі бір дене қимылын көрсетеді. Бұл ойын балалардың дыбыстарды есте сақтау қабілетін арттырады және ноталарға қызығушылығын оятады.	**Дене шынықтыру** **«Қояндар мен Аюлар»** **Міндеті:** Секіру және еңбектеу дағдыларын жетілдіру. **Өткізу тәсілі:** Балалар екі топқа бөлінеді: «Қояндар» және «Аюлар». Қояндар секіріп қозғалады, ал аюлар еңбектейді. Тәрбиеші белгі бергенде, қояндар да, аюлар да өз жолдарымен ең жақын жерге жетуі керек.

	есту қабілетін дамытуға үйрету. **Өткізу тәсілі:** Балалар шеңберге тұрып, тәрбиешінің жетекшілігімен «Ре» нотасынан бастап «Си» нотасына дейін дыбыстарды созып айтады. Тәрбиеші әр дыбысқа байланысты қол қимылын немесе белгілі бір дене қимылын көрсетеді. Бұл ойын балалардың дыбыстарды есте сақтау қабілетін арттырады және ноталарға қызығушылығын оятады.				
	«Пішінді тап» **Міндеті:** Балаларға заттардың пішінін ажыратуды, әр пішіннің ерекшеліктерін тануды үйрету. **Өткізу тәсілі:** Тәрбиеші балаларға әртүрлі пішінді заттардың суреттерін көрсетіп, олардың ішінен дөңгелек, үшбұрыш, шаршы және тікбұрышты	**«Пішіндерден құрылыс салу»** **Міндеті:** Пішіндерді танып, оларды құрастырып, заттың түрін қалыптастыруға үйрету. **Өткізу тәсілі:** Балалар түрлі түсті қағаздан немесе картоннан қиылған пішіндерді (дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш) пайдаланып,	**«Мүсін жасаушы»** **Міндеті:** Мүсіндеу арқылы пішіндерді тануды және мүсіннің бетін тегістеуді үйрету. **Өткізу тәсілі:** Балаларға ермексаздан қарапайым дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, және тікбұрышты пішіндер жасауды ұсынады. Мүсіндерді жасаған соң, балалар	**«Пішіндерді араластыру»** **Міндеті:** Балаларды пішіндерді бір-бірімен араластырып жаңа заттар немесе бейнелер құрастыруға үйрету. **Өткізу тәсілі:** Әр балаға түрлі пішіндердің модельдері беріледі, олардан әртүрлі заттарды (мысалы, үй, көлік, ағаш)	**«Пішінді суретке қос»** **Міндеті:** Балалардың қиялын, ұсақ моторикасын және пішіндермен жұмыс дағдыларын дамыту. **Өткізу тәсілі (жалғасы):** Балаларға дайын суреттің (мысалы, үйдің, ағаштың немесе көліктің контурын) тек негізгі бөліктері салынады, ал қалған

	таңдап алуды сұрайды. Балалар дұрыс тапқан сайын әр пішінге қатысты әңгіме құрастырып немесе тақпақ айтып, есте сақтау қабілетін арттырады. **Сурет салу ,құрастыру дағдысы**	суреттер немесе қарапайым заттардың моделін құрастырады. Олар үй, ағаш, көлік сияқты түрлі бейнелерді құрастырып, сол арқылы қиялын дамытады. **Сурет салу, құрастыру дағдысы, Математика негізі**	оларды қолдарымен тегістейді, бұл арқылы мүсіннің құрылымын, беті мен шеттерін теңестіруге жаттығады. **Мүсіндеу дағдысы, математика негізі**	құрастыру керек. Балалар дайын мүсіндерді жасаған соң, оларды тегістеп, әдемі және ұқыпты қылып толықтырады. Бұл ойын пішіндерді араластыру арқылы ойлау қабілетін және қолдың ұсақ моторикасын дамытады. **Қол моторикасын дамыту, мүсіндеу дағдысы, математика негізі**	бөліктерді әртүрлі пішіндерді қосу арқылы толықтыру қажет болады. Мысалы, үйдің терезелері шаршы, дөңгелектер тікбұрышты және дөңгелек болуы мүмкін. Бұл тапсырма балалардың қиялын кеңейтеді, әртүрлі пішіндерді нақты заттарға бейімдеп орналастыру дағдыларын дамытады. **Сурет салу дағдысы , Математика негіздері дағдысы**
